



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 7 маусым

ҚР Ұлттық Банкінің басшысы Қазақстанның Еуропалық Бизнес Қауымдастығы өкілдерімен кездесті

Бүгін Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышевтың Қазақстанның Еуропалық Бизнес Қауымдастығы (ҚЕУРОБҚ) өкілдерімен кездесуі өтті.



Іс-шараға қатысушылар алдында сөз сөйлеген Д. Ақышев 2017 жылы Қазақстан экономикасы қалыпқа келудің жақсы серпінін көрсетіп отырғанын атап өтті. «1-тоқсанда ІЖӨ нақты көрсеткіш бойынша 3,4%-ға ұлғайды. Біздің бағалауымызша, 2017 жылы экономиканың өсу қарқыны шамамен 3%-ды құрайды, ал 2018 жылы өсу қарқыны 3,5-4% болады. Өсудің оң серпіні экономиканың барлық негізгі салаларында күтіледі, оның ішінде мұнайға жатпайтын сектор тарапынан оң үлес ұлғаятын болады», - деп атап өтті ол.

ҚРҰБ Төрағасы валюта және ақша нарықтарындағы ахуал, Қазақстанның банк секторын қалыпқа келтіру жөнінде қабылданып жатқан шаралар, қор нарығын дамыту бағдарламасы, сондай-ақ елдің валюталық заңнамасына енгізуге жоспарланып отырған өзгерістер туралы да айтып берді.

Сөзін аяқтай келе, Д. Ақышев Ұлттық Банктің жаһандық үрдістер мен қауіп-қатерлерді ескере отырып уақтылы шаралар қабылдау үшін ел ішіндегі ғана емес, одан тыс жерлердегі үрдістерді жіті қадағалап отырғанын атап өтті. «Ұлттық Банк ел экономикасының өсу барысына әлеуетті тұрғыдан әсер етуі мүмкін оқиғаларды үнемі зерделеп, талдап отырады. Бұл Ұлттық Банктің ақша-кредиттік реттеу саласындағы саясатына да, алтынвалюта резервтерін басқару және мемлекеттің халықаралық аядағы позициясын айқындау процестеріне де қатысты», - деп қорытындылады ол.

ҚРҰБ басшылығының ҚЕУРОБҚ өкілдерімен кездесулері бизнес-қоғамдастықты Қазақстанның макроэкономикалық дамуының үрдістері және Ұлттық Банк жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты туралы хабардар ету мақсатында жыл сайын өткізілетінін атап өту қажет.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz